

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісінің құрылысын жүргізу үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 2 қазандағы № 297 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қарашада № 1835 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 265 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 02.11.2015 № 265 қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісі бөлігінің құрылысын жүргізу үшін жер учаскелерін жердің меншік иелері және жер пайдаланушылардан алып қоймай екі жыл мерзімге 1 қосымшаға сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығасы 2 қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

3. "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелеріне және жер пайдаланушыларына келтірілген шығынның өтемақысын өтесін.

4. "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісі бөлігінің құрылысы аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді жаңғырту жүргізісін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары
Кәрім Насбекұлы Көкрекбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2012 жылғы 2 қазандағы
297 қаулысына 1 қосымша

Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісі бөлігінің құрылысын жүргізу үшін "Азиалық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеуге берілген жерлер

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық әкімдігінің 19.12.2013 № 398 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараныз) қаулысымен.

№	Аудандар атауы	Қауымдық сервитут белгіленген жерлер, гектар	Оның ішінде						
			А у ы л шаруашылық алқаптары, гектар	Оның ішінде егістік жерлер		К ө п жылдық екпелер, гектар	Шабындық , гектар	Жайылым , гектар	Бөгде жер, гектар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жуалы ауданы	187,9497	186,5920	124,8272	6,3397	---	---	61,7648	1,3577
2	Жамбыл ауданы	203,3561	195,0069	69,5165	46,1438	4,3788	31,8117	89,2999	8,3492
3	Байзақ ауданы	203,9987	197,1710	153,7987	82,0281	6,1308	3,7253	33,5162	6,8277
4	Т.Рысқұлов ауданы	505,3865	505,2193	373,3874	---	---	---	131,8319	0,1672
5	Меркі ауданы	206,7046	206,5796	---	---	---	0,3364	206,2432	0,1250
6	Шу ауданы	516,5925	488,5409	160,3231	43,8374	---	---	328,2178	28,0516
7	Қордай ауданы	293,1967	291,6943	30,1293	---	---	---	261,5650	1,5024
	Барлығы:	2117,1848	2070,8040	911,9822	178,3490	10,5096	35,8734	1112,4388	46,3808

Жамбыл облысы әкімдігінің
2012 жылғы 02 қазандағы
№ 297 қаулысына 2 қосымша

Жамбыл облысы аумағындағы "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісінің құрылысы үшін қауымдық сервитут белгілеуден туындайтын ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасы*

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық әкімдігінің 19.12.2013 № 398 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараныз) қаулысымен.

Аудандар	Топырақ	Қауымдық сервитут белгіленген жерлердің	Аыл шарушылығы
----------	---------	---	----------------

№	атауы	түрлері	Алқаптар түрлері	көлемі, гектар	өндірісінің шығасы, тенге
1	2	3	4	5	6
1	Жуалы ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суарылмайтын егістік, суармалы егістік, жайылым	186,592	45 136 887
2	Жамбыл ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суарылмайтын егістік, суармалы егістік, көп жылдық екпелер, шабындық, жайылым	195,0069	82 391 877
3	Байзақ ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суарылмайтын егістік, суармалы егістік, көп жылдық екпелер, жайылым, шабындық	197,171	138 964 857
4	Т.Рысқұлов ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суарылмайтын егістік, жайылым,	498,4705	111 754 003
5	Меркі ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	жайылым, шабындық,	45,3858	2 689 677
6	Шу ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суармалы егістік, суарылмайтын егістік, жайылым	476,7061	109 090 695
7	Қордай ауданы	Кәдімгі с ұр топырақ	суарылмайтын егістік, жайылым,	291,6943	23 804 174
	Барлығы:			1891,0266	513 832 170

*Ескертпе: Ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасасы "Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға оларды пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативтерін және Алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын сома есепке алынып, ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу, сондай-ақ орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы № 1037 қаулысы негізінде ала отырып есептелген.